

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Адастана

Ақшамы

25

ОҚЫРМАН
ОЛЖАЛАҒАН
ЖЫЛ

Қорғансыздың мұны

20 Мамыр 2017

Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында «Қорғансыздың күні» атты драманың премьерасы өтті.



«Қорғансыздың күні» – бала күнімізден тамсанып оқыған ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің әңгімесі. 1921 жылы заңғар жазушы аталған шығарманы «Қызыл Қазақстан» журналында алғаш жариялаған. 1922 жылы Орынборда «Қорғансыздың күні» деген атпен жеке кітап болып жарық көрген. Көрнекті қаламгер осы әңгімені жазғанда өзінің ішкі жан дүниесіндегі қиналған кездерін ақ қағазға мөлдіретіп түсірген. Қысқасы, қазақ әдебиетінен ғана емес, әлем әдебиетінен ойып тұрып орын алар туынды. Басқаны қайдам, өзіміз солай бағалаймыз.

Бір ғажабы, Әуезовтің кез келген шығармасы сахнаға сұранып тұрады. Сондықтан оған режиссерлер де көбірек барады. Тұсауы кесілген драмалық қойылымның сахналық нұсқасын жасаған режиссер Әлімбек Оразбеков бұған дейін ұлы жазушының «Абай», «Қараш-Қараш», «Айман-Шолпан» туындыларын жұртшылыққа ұсынған. Олардың бәрі де көрерменнің жылы бағасына ие болған. Қойылым режиссері бұл дүниені осыдан жиырма жыл бұрын сахналаған екен. Кеше соны елорда театрында өзгеше қырынан байытып, жаңаша жаңғыртты.

Өмірдің өзі – күрес. Ақ пен қара тайталасы. Жарық пен түнектің арпалысы. Қазақы ұғыммен айтқанда, итжығыс тіршілік. Сонда да адам баласы жарыққа ұмтылып, ертеңгі күннен жақсылық күтеді. Соған алданып, көңілі жай табады. Спектакльдің өн бойынан ізгілік пен зұлымдықтың мәңгілік күресі өріліп отырады. Бір отбасының тағдыры таласқа түседі. Бұл тартыста кім жеңеді, қорғансызға кім пана болмақ? Көз алдымызға байырғы қазақ ауылының бейнесі келді. Туысқанының жоғалған малын іздеймін деп

капияда көз жұмған Жақып. Ерінің қайғысын көтере алмай зағип болып қалған ана. Бір-біріне сүйеніш болып отырған кәрі әжесі мен немересі. Режиссер өткен күнді бейнелеу арқылы бүгінгі заманның ащы шындығын ортаға салады. Қазір де арамызда жүрген «қорғансыз» Ғазизалар көп. Әрине, қойылымда актерлердің ойнау шеберлігі әрқилы болды. Бас кейіпкер Ғазизаны сомдаған жас актриса Жұлдыз Ибраеваның тырнақалды туындысы екен. Оның болмысынан періште пейілді арманшыл жанды таныдық. Әсіресе, бізге кемпірдің ҚР еңбек сіңірген әртісі Жанат Чайкина рөлі қатты ұнады. Кәдімгі көпті көрген, қайғысы қалың қазақы кейуананы тамаша сомдады. Сөйлеген сөзі көрерменге ұғынықты жетіп отырды. Қайта Ғазизаның анасының бейнесі онша ашылмады. Бір қайнауы жетпей қалғандай әсер етті. Жақыптың туысқаны, әпенділеу

Дүйсеннің рөлін ҚР еңбек сіңірген қайраткері Кеңесбай Нұрланов шынайы жеткізді. Дүйсеннің әйелін сомдаған ҚР «Серпер» Жастар одағы сыйлығының иегері Сая Тоқманғалиева пиғылы бөтен, ойы арам нәзік жандының тұлғасын жандырып жіберді. Ақан болысты ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Малаев ойнады. Бізге Ақанның атшабары Қалтайдың бейнесі (Қасымхан Бұғыбай) жылырақ көрінді. Кәдімгі қожасының көңілін табамын деп қайда болса да дайын тұрған сұмырайды келісті келтірді. Қойылым соңындағы Ғазизаның аянышты күйі көрерменнің көзіне жас алғызбай қоймайды.

Ал драманың желісін арбадағы қос жетектей желітіп отырған екі бейне – Жарық (Жанат Оспанов) пен Түнектің (Олжас Жақыпбек) тұлғасы айшықты шықты. Туындының басты жаңалығы деп осы екі кейіпкерді айтамыз. Сонымен бірге сахналық безендіру, қимыл-қозғалыс, актерлердің киімдері мен гримдік әрлеулері өте үйлесім тапқан. Орындалған музыканың өзі адамның көңіл қылын шертіп, мұңды әсерге бөлейді. Премьераның қоюшы суретшісі Шынар Елембаеваның көп тер төккенін көрдік. Біз қойылым аяқталғаннан кейін екі белгілі азаматты сөзге тартып, ыстық-суығы басылмай тұрған әсерлерімен бөлістік.

Қуаныш Жиенбай, жазушы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты:

– Спектакльдің сахналық талаптары өте жоғары деңгейде жасалған. Ұлы суреткердің «Қорғансыздың күні» әңгімесінің сюжеті бәріміздің есімізде. «Өттеген-ай» дейтін сәттер де кездесті. Маған бас кейіпкер Ғазизаның бейнесі сәл-пәл көмескілеу көрінді. Ол қанша дегенмен қосымша кейіпкерлерден сөзімен, ісімен болса да дараланып тұру керек қой. Содан кейін тағы бір пікірімді айтқым келеді. Әрине, классика керек. Оны жоққа шығармаймын. Дегенмен, біз бүгінгі сахнада қазір арамызда жүрген «қорғансыздардың күнін» жасасақ деймін. Өткенге шегіне берудің қажеті жоқ. Қазір әлемде театрға қойылатын талап мүлде өзгерді. Болмайтын дүниеден адам таңғалатын туынды жасайды. Біздің қазақ театрына да сілкініс керек.

Тілектес Мейрамов, актер, Қазақстанның халық әртісі:

– Адамға ой салатын қойылым болды. Біраз жылдан бері Әлімбектен осындай серпіліс күтіп жүр едім. Соны көргеніме қуандым. Бұрын тарихи шығармалар қалай жазылса, сахнада солай қойылатын. Ал режиссер заңғар жазушының шығармасына заманауи көзқараспен келген. Оған белгілі ақын Серік Ақсұңқарұлының поэзиясының қосылғаны спектакльді байытып жіберген. Пьесаны көріп отырып, зұлымдықтың алдында бәріміз де қорғансыз екенбіз. Инсценировка аясында әр кейіпкер өз рөлін жақсы ойнады. Көрінбей қалған бейне болмады. Бір сахналық нұсқада барлық тақырыпты енгізу мүмкін емес. Онда шығарма тұтастығынан айырылады. Қойылымды театр фестивальдарына ұялмай апаруға болады.

Азамат Есенжол